Қ.А Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті.

# СӨЖ

## Тақырыбы: Аборт



Орындаған: Серикбоев У

Тобы: ЖМ-209

Қабылдаған: Урымбаева А

# Жоспар:

Кіріспе:

Негізгі бөлім:

- Аборт туралы түсінік.
- Дүние жүзілік аборт саны.
- Қазақстандағы аборт саны және ұлтқа зияны.

Қорытынды:

Қолданылған әдебиеті

**Аборт** (лат. *abortus* — түсік) медицинада — құрсақтағы ұрықтың 28 апталық мерзімге жетпей тіршілігі үзілуі немесе түсік түсуі. Жүктіліктің 14-15 аптасына жетпей ұрық тіршілігінің үзілуін ерте, ал 14-15 аптадан кейін үзілуін кеш түсік дейді.

Аборт 2 ге бөлінеді

өздігінен түсік тастау

жасанды түсік жасату

Қолдан жасалатын аборт медициналық мамандардың әйел адамның өмірін және денсаулығын сақтап қалу мақсатында, зорлау немесе инцест салдарынан болатын еріксіз жүктілік кезінде, сәби ауыр науқасқа шалдыққан кезде немесе әйелдің жатырындағы сәбиді асырай алмайтын жағдайы болған кезде жасалады. Ру-486 препаратын жүктіліктің алғашқы бірнеше аптасында қабылдаса, қолдан түсіктің болуына мүмкіндік жасайды.

Жүктіліктің 19 аптасына дейін жатырды қысқарту мен іштегі нәрестені түсіру үшін тұз ерітінділерін немесе гормондарды шашуға болады. Жатырдағы сәбиді хирургиялық жолмен алдыру жүктіліктің екінші немесе үшінші айында ғана жүзеге асыруға болады. Жатыр мойыншығын кеңейту мен ұрықты экстракациялауды жүктіліктің үшінші айында жасауға болады. Бұл "Жартылай босану арқылы аборт жасау» деп те аталады. Түсік жасаудың басқа түрлері: қол шприці көмегімен қолмен жасалатын вакуумдық экстракция және кеңейткіш пен механикалық сорып алғыш құрылғысы арқылы жүзеге асатын вакуум-түсік; бұл екі түрлі емдеу шарасы жүктіліктің ерте кезеңінде жасалады.

# Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша

| Жыл көрсеткіші | Жыл сайын жоспарсыз жүкті болғандар | Жыл сайын жасанды түсік |
|---|---|---|
| 2008 жылы | 80 миллионға жуық | 20 миллион |
| 2009 жылы | 90 миллионға жуық | 30 миллион |

Расында да, 1991 жылдары санымыздың 16 миллионға жетеқабыл болғанын ескерсек, осынша жылдың ішінде 1 миллионның айналасында ғана көбеюіміз ұлтымызға сын секілді.

Осы жағдайға алаңдаушылық білдірген қоғам қайраткері Ирак Елекеев Мәжіліс депутаты болып тұрған кезінде “Жасанды түсік жасауға заң жүзінде тыйым салу керек!” деп мәлімдеген болатын.

Ал Қазақстанда жыл сайын 15-19 жас аралығындағы жасөспірімдердің 20 мыңы жүкті болып, оның тең жартысы – 10 мыңға жуығы жасанды түсік жасатады. ЮНФПА-ның Қазақстандағы өкілі Райымбек Сисемалиев қазақстандық жастардың 10 пайызға жуығы 14 жасқа дейін, ал 50 пайызға жуығы 19 жасқа дейін жыныстық қатынас жасап үлгеретінін айтады.

# Статистикаға сүйенсек еліміздегі 1 жыл ішіндегі туу және аборт көрсеткіші



# Қорытынды:

“Елімізде әйелдің өз еркімен түсік жасатуына еш кедергі жоқ. Ана құрсағындағы сәбиінен құтылғысы келсе, еш кедергісіз құтыла алады. Бірақ айықпас дерт жамайды. Тіпті мерзімі үлкен шараналар ананың өміріне қауіп төндіруі мүмкін. Ананың бойында байқалмаған түрлі асқынулар, түрлі дерттер жасанды түсіктен соң өрши түсуі әбден мүмкін. Ең өкініштісі, әйел содан соң бала сүю бақытынан айырылатын жағдай жиі кездеседі.

Қолданылған әдебиетер:


- Патологиялық анотомия терминдерінің орысша – латынша – қазақша түсініктеме сөздігі.- Ақтөбе.
- О.Д.Дайырбеков, Б.Е.Алтынбеков, Б.К.Торғауытов, У.И. Кенесариев, Т.С.Хайдарова Аурудың алдын алу және сақтандыру бойынша орысша-қазақша терминологиялық сөздік. Шымкент. “Ғасыр-Ш”, 2005 жыл.
- Қазақ ұлттық энциклопедиясы